



## АҚШ-Израиль-Иран соғысы және оның Орталық Азияға ықпалы

**Альбина МҰРАТБЕКОВА**

*Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан*

Америка Құрама Штаттары (АҚШ) мен Израиль 2026 жылғы 28 ақпанда Иранның әскери нысандарына бағытталған «Эпикалық қаһар операциясы» (Operation Epic Fury) атты бірлескен әуе соққыларын бастағаннан кейін, халықаралық жүйе соңғы кезеңдегі ең тұрақсыз геосаяси шиеленіс кезеңдерінің біріне өтті. Тегеранның «Қарсылық осі» деп сипаттаған құрылымымен бетпе-бет келген АҚШ–Израиль шабуылы Иранның қарымта әрекеттерінің Таяу Шығыс аймағына кеңінен таралуымен өңірлік дағдарысты тудырып, Оманнан тыс барлық Парсы шығанағы елдері нысанаға алынды. Әуе соққыларының алғашқы кезеңінде Діни жетекші Әли Хаменейдің қаза табуы, одан кейін аймақтағы АҚШ нысандарына қарсы үйлестірілген шабуылдардың жасалуы және Ормуз бұғазының стратегиялық тұрғыдан жабылуы қабаттасып келіп, қақтығысты бастапқы шеңберінен шығарып, шұғыл әрі ушыға түскен шиеленіс үдерісін туындатты.

Жалғасып жатқан шабуылдар қазірдің өзінде едәуір адам шығынына және негізгі қызметтердің елеулі бұзылуына алып келді, атап айтқанда Иранда қыздар мектебінің бомбалануы салдарынан 175-тен астам адамның қаза табуы және Ливанда 1 миллионнан астам бейбіт тұрғынның қоныс аударуға мәжбүр болуы осы жойқын салдардың нақты мысалдары саналады. Сонымен қатар, халықаралық қауымдастықтың назары біртіндеп қақтығыстың геоэкономикалық және геосаяси салдарларына ауысуда. Әсіресе, Иранның теңіз арқылы тасымалданатын жаһандық мұнай саудасының шамамен 20%-ы мен сұйытылған табиғи газ (LNG) саудасының да шамамен 20%-ы өтетін Ормуз бұғазын жауып тастауы салдарынан туындаған энергетикалық дағдарыс жаһандық энергетикалық нарықтарда елеулі іркілістерге әкеліп, баға құбылмалылығын күшейтіп, жеткізілім белгісіздігін арттырды. Бұл іркіліс тек Қытай, Үндістан, Жапония және

Оңтүстік Корея сияқты негізгі импорттаушылар орналасқан Азиямен ғана шектелмей, жеткізілім ағынының азаюы мен энергия бағасының өсуі қазіргі экономикалық қысымдарды күшейтуі салдарынан Еуропа нарықтарына да елеулі әсер етті [Бендебка, 2026].

Сонымен қатар, қақтығыс Парсы шығанағы аймағында әуе кеңістігінің жабылуына әкеліп, жаһандық жеткізу тізбектері мен халықаралық саяхатты тұралатты, осылайша жаһандық экономикаға түсетін қысымды одан әрі күшейтті. Тікелей әсерлерден тыс, шиеленіс Таяу Шығыстың аймақтық қауіпсіздік құрылымын қайта қарауға итермеледі. Сонымен қатар, бұл күш теңгерімдерінің қайта қалыптасуына ықпал етіп, АҚШ одақтастарының қолдауын да айтарлықтай төмендетті. Иранға бағытталған шабуыл Еуропалық серіктестер тарапынан өте шектеулі қолдау тапты, бұл НАТО одағы ішіндегі тереңдей түскен көзқарас айырмашылықтарын ашық көрсетті. Әсіресе, кейбір еуропалық көшбасшылардың қоғамдық ортада айтқан айыптаулары одақтың тұтастығы мен болашақ стратегиялық үйлесімділігі туралы маңызды сұрақтар туғызды.

Иранның қарсы стратегиясы осы өзгерістерді бағыттауы басты фактор болды. Өкіл акторлар арқылы құрған альянстарын пайдалану, маңызды энергетикалық бұғаздардағы бақылауын күшейту және стратегиялық теңіз сауда жолдарын қауіп төндіру арқылы Тегеран АҚШ-тың стратегиялық мақсаттарына және АҚШ жетекшілігіндегі қауіпсіздік механизмдерінің дәстүрлі үстемдігіне қарсы тұра алды [Бахрами, 2026].

Орталық Азияның географиялық жақындығы тұрғысынан алып қарағанда, Ирандағы жағдай аймақ үшін ерекше маңызды. Иранның Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасындағы стратегиялық көпір ретіндегі маңызы ескерілгенде, елдегі кез

келген дағдарыс сауда дәліздері, транзиттік желілер және жаһандық нарықтарға қол жеткізуге тікелей әсер етеді. Орталық Азия мемлекеттері үшін маңызды аймақтық серіктес саналатын Ирандағы жағдайлар өңірде тікелей және жанама түрде кең ауқымды салдарларға алып келеді.

Ресми деңгейде барлық Орталық Азия мемлекеттері бейтарап ұстаным қабылдап, сыртқы істер министрліктері ақылға шақыратын және саяси шешімге басымдық беретін мұқият дайындалған мәлімдемелер жариялады. Осы бейтараптықты сақтай отырып, шиеленісті төмендету және диалогтың маңызы үнемі баса көрсетілді. Бұл тәсіл айтарлықтай дәрежеде аймақтық тұрақтылықты сақтау және экономикалық әрі қауіпсіздік басымдықтарын қамтамасыз етуге бағытталған прагматикалық мүдделер тұрғысынан қалыптасты. Әрине, бұл ұстаным көптеген мемлекеттердің қабылдаған көзқарастарымен сәйкес келеді. Мысалы, Қытай сияқты Азия державалары үдерістен тыс қалуды таңдаса, кейбір еуропалық көшбасшылар кейде Президент Трамптың мәлімдемелеріне жауап беруге мәжбүр болды.

Сонымен қатар, соңғы жылдары Орталық Азия мемлекеттері мен Иран арасындағы өзара әрекеттестік айтарлықтай кеңейді. Иранның аймаққа деген қызығушылығының арту Шанхай Ұнтымақтастық Ұйымына 2005 жылдан бастап қатысып, 2023 жылы толық мүшелікке өтуінде нақты көрініс тапты. Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері мен Иран арасындағы 2023 жылғы желтоқсандағы келісімге сәйкес 2025 жылғы мамырда еркін сауда келісімі күшіне енді. Бұл келісім қамтитын тауарлар ассортиментін кеңейтіп, тауарлардың шамамен 90%-ында кедендік баждарды төмендету арқылы өңірлер арасындағы сауданы арттыру әлеуетіне ие. Бұдан бұрын Иран 2019 жылғы қазаннан бастап 2018 жылы қол қойылған уақытша еркін сауда келісімі аясында сауда қызметін жүргізіп келген [Алтынбек және т.б. 2025].

Логистикалық тұрғыдан қарағанда, Парсы шығанағындағы қызметтердің тоқтауы өңірдің негізгі көлік бағыттарының сенімділігіне сұраққа туындатты. Осы тұрғыда, ұзақ жылдар бойы Еуразияны байланыстырып келген дәстүрлі теңіз жолдарының баламасы ретінде жобаланған Халықаралық Солтүстік–

Оңтүстік Көлік дәлізі (INSTC) айтарлықтай әсер алды. Аталған дәліз үш негізгі бағыттан тұрады: Әзербайжан арқылы өтетін Батыс бағыты, Қазақстан мен Түркменстан арқылы өтіп, теңіз байланыстарына негізделген Транс-Хазар бағыты және жалпы теңіз жолдарына сүйенетін бағыт; бұл бағыттар Еуропа мен Азия арасындағы тасымалдау уақытын қысқартуға және шығындарды азайтуға бағытталған. Әсіресе, Қазақстан мен Түркменстанды Иранның Бендер Аббас және Чабахар порттарына қосатын, сондай-ақ Еуропа мен Үндістан арасындағы көпір қызметін атқаратын шығыс бағыты Ирандағы шиеленістің күшеюіне байланысты әлсіреді. Кейбір болжамдарға сәйкес, бұл кедергілер Орта дәліздің (Транс-Каспий бағыты) маңызын арттыруы мүмкін болса да, сарапшылар бұл жолдың Солтүстік–Оңтүстік дәліздің орнын толық алмастыратын кең көлемді балама болуы ықтималдығы төмен екенін атап көрсетеді. Солтүстік бағыт арқылы өтетін шығыс бағыты қысқа мерзімді тасымалдау жоспарлары тұрғысынан белгілі тәуекелдер мен белгісіздіктерді әлі де сақтап отыр [Sputnik, 2026].

Әскери қақтығыс Иранның азық-түлік өнімдері мен ауылшаруашылық шикізатына экспортты уақытша тоқтатуы салдарынан азық-түлік экспортына да елеулі кедергілер туғызуда. Бұл жағдайдан, әсіресе, Түркменстан мен Өзбекстандағы тұтынушылық нарықтар зардап шегуде. Иран Ресейден кейін Түркменстанның екінші ірі сауда серіктесі болғандықтан, ағымдағы шиеленіс елдің ішкі нарық динамикасына айтарлықтай әсер етуде. Өзбекстан да, Иранның ең ірі он сауда серіктесінің бірі ретінде, азық-түлік жеткізіліміндегі үзілістерден ұқсас түрде зардап шекті. Сонымен қатар, Түркия мен Еуропадан келетін жүктердің шамамен 60%-ын құрайтын Өзбекстанның сауда ағымдарының маңызды бөлігі Иран порттары арқылы өтетін оңтүстік бағытқа тәуелді болып, бұл жол да дағдарыстан айтарлықтай зардап шекті. Сол сияқты, басқа Орталық Азия мемлекеттері де белгілі дәрежеде кейбір тауарлардың Иран арқылы транзиттік тасымалдануына тәуелді. Дегенмен, екіжақты саудадағы тұрақты өсімге қарамастан, Орталық Азия экономикаларының Иран экспортына құрылымдық тәуелді емес екені атап өтуге болады [Ешанова, 2026]. Сонымен қатар, Ормуз бұғазының жабылуы салдарынан мұнай бағасының өсуіне алып кел-

ген энергетикалық дағдарыс Қазақстан мен Түркменстан сияқты мұнай экспорттаушы экономикалар үшін оң нәтиже берді [Абдраимов, 2026].

Батыс Азиядағы жалғасып отырған шиеленіс халықаралық қоғамдастық үшін әлі де айтарлықтай алаңдаушылық тудырды. Осындай жоғары тұрақсыздық жағдайында қазіргі шиеленіс АҚШ-тың жаһандық көшбасшылық рөлін сынайтын ауқымды күштер тепе-теңдігінің өзгерістерімен тұспа-тұс келіп отыр. Орталық Азия мемлекеттері де басқа қатысушылармен бірге сақтықты стратегиялық ұстаным қабылдап, оқиғаларды мұқият бақылап, келіссөздер арқылы шешім табу үмітімен әрекет етуде.

Сонымен қатар, тереңдеген дағдарыс, әсіресе Орталық Азияны Таяу Шығыспен одан арыға қосатын жаңа көлік және энергетикалық коридорларға негізделген аймақтық экономикалық интеграция күшжігері тұрғысынан маңызды қауіптер туғызады. Қақтығыстың шиеленісуі сауда ағымдарын бұзып, транзиттік процестердегі белгісіздіктерді арттырып, оңтүстік бағыттарға қолжетімділікті шектеу арқылы осы байланыстарға тікелей қауіп төндіруде. Осы тұрғыда, Орталық Азия үкіметтерінің сыртқы соққыларды азайту мақсатында альтернативті сауда жолдарын кеңейтуге және кеңірек жаһандық акторлар спектрімен серіктестіктерін күшейтуге бағытталған әртараптандыру стратегияларына басымдық беруі ықтимал.

Бұл қайта бейімделу текаймақтық тұрақсыздыққа қатысты алаңдаушылықтарды үдетумен қатар, ұзақ мерзімді перспективада бөлшектелген және бәсекелес халықаралық тәртіпке бейімделу процесін де көрсетеді. Бұл жаңа тәртіпте, шағын және орта көлемді мемлекеттер артқан белгісіздік ортасында стратегиялық теңгерім саясаты мен прагматикалық дипломатия арқылы әрекет етуге мәжбүр. Қорыта келе, өңірдегі шиеленістің одан әрі күшеюі Иранға

көршілес елдерге бағытталған жаңа көші-қон және босқын толқынын тудыру қаупін де жоққа шығармайды.

Дереккөз:

Абдраимов, Азиз (2026). Таяу Шығыстағы соғыс және оның КСРО кейінгі географияға әсері. Сілтеме: <https://www.ritmeurasia.ru/news--2026-03-18--vojna-na-blizhnem-vostoke-i-ee-posledstvija-dlja-postsovetskogo-prostranstva-86521>. Қаралған күні: 05.04.2026.

Алтынбек, Айгерім, Уастнидж, Эдвард және Еремекбаев, Адильбек (2025). Иран және Орталық Азия: Өзгеріп жатқан әлем тәртібіндегі Еуразия геосаясаты. *The International Spectator*, 60(4), 138–155. Сілтеме: <https://doi.org/10.1080/03932729.2025.2572372>

Бахрами, Мохаммад Реза (2026). Иранға қарсы жүргізілген соғыстың геосаяси талдауы. Сілтеме: <https://www.aljazeera.com/opinions/2026/3/10/geopolitical-analysis-of-the-imposed-war-against-iran>. Қаралған күні: 06.04.2026.

Бендебка, Рамзи (2026). Нарықты қозғайтын бұғаз: 2026 жылғы Ормуз бұғазы дағдарысы және жаһандық энергетикалық шоктың анатомиясы. *Atlas Institute for International Affairs*. Сілтеме: <https://atlasinstitute.org/the-strait-that-moves-the-market-the-2026-strait-of-hormuz-crisis-and-the-anatomy-of-a-global-energy-shock/>. Қаралған күні: 02.04.2026.

Ешанова, Замира (2026). «Қоймалар босап жатыр». Ирандағы соғыс нәтижесінде Орталық Азия неліктен осал?» Сілтеме: <https://www.azattyqasia.org/a/sklady-pusteyut-pochemu-tsentralnaya-aziya-uyazvima-pered-problemami-vyzvannymi-voynoy-v-irane/33695833.html>. Қаралған күні: 05.04.2026.

Sputnik (2026). Таяу Шығыстағы қақтығыстың Орталық Азиядағы көлік коридорларына әсері. Сілтеме: <https://ru.sputnik.kz/20260326/kak-konflikt-na-blizhnem-vostoke-otrazhaetsyana-transportnykh-koridorakh-v-tsentralnoy-azii-62180009.html>. Қаралған күні: 08.04.2026.